

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
Республиканский научно-методический журнал

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КЕҢЕС**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
СОВЕТ**

4. 2009

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛДАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЖАНҰЗАҚОВА Г.А.,

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Роман-герман тілдер кафедрасының француз тілінің оқытушысы.

Шетелдермен мәдени және ғылыми байланыстары ұлғайып, өркендей бастағанда, сол елдердің тіліне, тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне деген қызығушылығымыз артуда. Осындай уақытта, әр түрлі шетел тілдерін меңгеруге, сол тілде сөйлесін, қарым-қатынас жасауға, меңгеріп отырған тіліміздің мәдениетімен, телегей теңіз тарихымен танысып білуге үлкен мүмкіндік туып отыр. Әр тіл өз маныздылығымен, ерекше қасиеттерімен қымбат. Қай тілдің құрамына көз жүгіртсек те, әр тілдің өзіне тән құрылысы, ережелері, сөздік қоры мен мақал - мәтелдер жиынтығы болады. Мақал - мәтелдердің идеялық - эстетикалық мән-мағынасы, мазмұны оқырманға сөз құдіреті мен сөз қуаты арқылы жетіп ойландырады.

Мақал - мәтелдер ұлттық мәдениет, болмыс, менталитет сияқты ұғымдарды тоғыстыратын ана тілдің байлығын, ұлттың ой-өрісін, пікір-көзқарасын, әлемді түсініп - түйсінуін мейлінше толық, барынша ұғынықты, әсерлі жеткізеді.

Қазіргі тіл білімінде туыстас және туыс емес елдерді салыстыра зерттеу олардың арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ашуда рөл атқарады. Тілімізде көкейге қонымды, көркем орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Тіл қазынасына жататын тұрақты сөз тіркес тізбектерін халық орынды пайдаланады. Мақал мәтелдермен тең жоғары бағалап, оларды кастерлей сақтап келеді.

Мақал - мәтелдерден халықтың қоғамдық өмірдегі түрлі уақиғаларды, табиғат құбылыстарын, адам баласының тұрмыс жайын, шаруашылық кәсібін, үміт - тілегін, халықтың өмірі мен іс - әрекеті сияқты жайларды, адам бойындағы әр - түрлі қасиеттерді, мінез - құлқы, тәлім-тәрбиесі сияқты алуан түрлі мәселелерді түгел қамтиды. Осындай адам бойындағы түрлі қасиеттер жайында жасалған даналық қорытындылар болып табылады.

Кейбір мақал-мәтелдер тура мағынасында ұғынылса, кейбір мақал-мәтелдер астарлы, келтірінді мағынада ұғынылады. Мысалы, «Ағаш - жалпырағымен, Жер - топырағымен» - «Chaque grain a sa paille», «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» - «Celui qui n'a pas qu'un enfant n'en a aucun» деген мақалдарда тікелей тура мағынасында ұғынылады. Ал, «Болат пышақ қын түбінде жатпайды», «Қалауын тапса қар жанар» деген мақалдар көбінесе келтірінді мағынасында ұғынылады. Мұның алдыңғысы, асыл зат қашанда жарық көреді, ол үнемі жасырын күйінде қалмайды, қалайда бір жарқ етіп шығады, ал, сонғысы, ретін тапса қолдан келмейтін іс болмайды дегенді білдіреді.

Сондай-ақ, кейбір мақал-мәтелдер образды түрде келіп, ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылады. Мысалы, «Темірді қызған кезде соқ» - «Il faut battre le fer pendant qu'il est chaud», «Аузы күйген үріп ішер» - «Chat echaude craint l'eau froide» т.б. мақал - мәтелдер талай замандар бойында жасалып, ұрпақтан - ұрпаққа ауысып келген халықтың тілдік мұрасы.

Мақал-мәтелдер халықтың ертедегі көзқарастары мен діни түсінігінің бейнесін, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, адамдар мен табиғат арасындағы қарым-қатынастарының бағасын, танып білу деректерінің қайнар көзі. Айталық, қазақ тілінде «Сұрай - сұрай Меккеге жетер» деген мақалдың көрінісі, француз тілінде «Qui langue a, a Rome va» беріледі. Осыдан, біз екі халықтың ұлттық, этностық, діни ерекшелігін көреміз. Себебі, қазақтар мұсылман дініне, ал француздар католик дініне сыйынуына байланысты, Меккенің мұсылман баласына қаншалықты қасиетті екенін көрсетсе, Рим де католиктер үшін соншалықты ерекше қастерленеді. Осындай ұлттық штрихтары бар мақалдардан екі ұлттың менталитетін түсінуде, өзіндік ұлттық ерекшеліктерін танып білуде, алар орны ерекше.

Сонымен бірге мақал - мәтелдерде дәлме-дәлдік пен өткірлік, мысқыл мен сықақ араласа жүреді. Мысалы, «Айдағаның екі ешкі, ысқырығы жер жарады» - «Dieu me garde de mes amis, mes ennemis je me change». Келелі ой мен кең мазмұн, даналық қорытынды мен ақыл-өсиет, ащы мысқыл мен жарасымды әзіл - осының бәрін өз бойына жинаған және оларды әрі ықшам, әрі көркем түрде шебер түйіндеген сан алуан мақал-мәтелдерді орынды жерінде пайдалана білудің орасан зор маңызы бар. Сөйлеушінің ақылы ақыл - парасаттылығы, ой-санасы, тіл ұшқырлығы, т. б. сөйлеу тілінен байқалады. Мәселен, қазақ тілінде «Артық тұз асқа залал, артық сөз басқа залал», «Тура айтып, туғаныңа жақпайсың», ал француз тілінде «La langue est un bon baton» «Un coup de langue est pire qu'un coup de lance» деген мақалдарды алуға болады.

Мақал мен мәтел халық өміріндегі алуан түрлі оқиғаларды, қарым - қатынастарды қысқа, тұжырымды тілмен жеткізеді, айтылмақ ойды ажарлайды, айқындайды. Мақал мен мәтел - егіз жанр, тіпті бір жанр. Дегенмен мағынасына, құрылысына, атқаратын қызметіне жіті қарағанда кейбір өзіндік айырмашылықтары да жоқ емес. Мақал - аяқталған ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына береді. Мысалы, «Қанағатсыз адамға қайырым жасап жақсы ат алмайсың» деп жатпай-ақ, «Толмасқа құйма, тоймасқа берме» деген мақал айтылса жеткілікті.

Мәтел жеке тұрып жинақты ойды бере алмайды, тек белгілі бір ойды ажарлау, айқындау үшін қолданылады. «Ат қойып, айдар тағып», «Көргеннен көз ақы алған» деген мәтелдер оған дәлел бола алады.

Мақал мен мәтелдің осындай белгілерін даралай келіп,

белгілі этнограф, жазушы В. И. Даль: «Мәтел - сөзімен айтқанда, гүл, ал мақал- жидек», - дейді.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болған осы бір мақал –мәтелдер - «Аз сөзде көп мағына» болсын деген талапқа сай жасалған айрықша мәнерлі сөз өрнегі. Халықтың мақал-мәтелдерді жасау өнері мен шеберлігін «ағаштан түйін түйген» десе болады. Олардың құрылысын поэзияға тән ұйқас та, ырғақ та, үндестік те табылады. Орны табылып қолданған әрбір мақал мен мәтел айтылатын ойды

мазмұн жағынан логикаландыра, түр жағынан көріністендіре, ажарландыра түседі. «Сөздің көркі - мақал, Жүздің көркі - сақал» -«Les proverbes disent ce que le peuple pense»; «Тұз астың дәмін келтіреді, Мақал сөздің сәнін келтіреді» - «Les proverbes les lamps des mots» - дейді.

Алматы қаласы.

Автор рассматривает взаимосвязь и особенности казахских и французских пословиц и поговорок как носителей народной мудрости.

ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК – НӘТИЖЕСІН БЕРМЕК



ӘЛІМЖАНОВА Д.,

№156 орта мектептің химия пәні мұғалімі.

Бірнеше жылдардан бері № 156 мектепте химия пәнінен сабақ беріп келемін. Сабақты зертханалық, сарамандық тәжірибелер арқылы, эксперименттік есептер шығару, зертханалық материалдар (З.М.) мен демонстрациялық материалдар (Д.М.), оқу-әдістемелік құралдар (О.Ә.Қ.), бейнекөрсетілімдер (Б.К.), аудиокұралдар (А.Қ.), үлестірмелі материалдар (Ү.М.) арқылы және дәстүрлі емес сабақтармен түрлендіріп өткіземін. Сабақта химия есептерін шығаруға да көп көңіл бөлемін. Мұның бәрі-ізденіс нәтижесі.

8-сыныптағы «Ас тұзын қоспадан тазарту деп аталатын» сарамандық жұмыста әр екі оқушыға зертханалық тұрғы мен үлестірмелі жәшік беремін. Жәшікке спирт шам, кәрден табакша, екі химиялық стакан, шыны таяқша, сүзгі қағаз, құм араластырылған ас тұзы бар ыдыс салынған.

Парта үстінде сарамандық жұмыстың әдістемелік нұсқаулығы мен «Қауіпсіздік техникасының ережелері» нұсқаулықтары бар. (жалпы саны-15) Оқушылар өздеріне берілген құралдар мен нұсқаулықтарды пайдаланып, тәжірибе жасайды. Зертханалық дәптерге жұмыс тақырыбын, құралдар мен химиялық реактивтерді, жұмыс барысын және қорытындысын жазады. Сабақ соңында тексеріп, баға қоямын.

«Оттектің физикалық қасиеттері. Оттек алу». Бұл тақырып оқушылардың зертханалық тәжірибе жасауы арқылы түсіндіріледі. Оқушылардың алдына үлестірмелі жәшіктер қоямын. Оның ішінде сутегі пероксидінің сұйық ерітіндісі мен марганец (IV) оксидінің ұнтағы бар және жұмысқа қажетті барлық нұсқаулықтар бар. Жұмыс бейнекөрсетілім арқылы алдын-ала көрсетіледі. Оқушылар жұмыс жасап, оттегінің бөлінгенін шоқтанған шыраны стаканға апарғанда шыраның ашық жалынмен жануы арқылы біледі. Дәптерге сутегі пероксидінің айырылу реакциясының теңдеуін жазады. Марганец (IV) оксидінің өршіткі ретінде қатысканы айтылып, өршіткіге анықтама беріледі. «Оттек алу және оның қасиеттері» деп аталатын сарамандық жұмысты калий перманганатының қыздыру нәтижесінде айырылуын демонстрациялау арқылы өткіземін. 8-9-10-11-сыныптардағы сабақтар бағдарламаға сәйкес осылайша тәжірибе жасау арқылы өткізіледі. Оқушылар тәжірибе жасау арқылы заттармен, құралдармен жұмыс істей білуге үйренеді іскерлік дағдылары қалыптасады. Бұған кабинетте жағдай жасалған.

8-сыныптағы «Кристалл торлар» тақырыбын тек лабораториялық тәжірибе арқылы түсіндірген дұрыс. Химиялық байланыстары әртүрлі заттардың молекулаларының және кристалдарының модельдерін жасау үшін әр екі оқушыға дөңгелектер жинақтамасын таратамын. Олар үлгіге қарай отырып, сутегі молекуласының, оттегі молекуласының, күкіртсутектің, күкірт қышқылының, азот қышқылының, аммиак молекуласының т.б. заттар молекуласының және кристалдарының модельдерін жасап үйренеді. Осы арқылы химиялық байланыс, заттың құрылысы, валенттілік ұғымдары дамиды. Кристалл тор түрлерін пысықтайды.

Сапалы білім беру мен оқушының сабаққа қызығушылығын арттыра білу—өз қолымызда. Тынымсыз еңбек қана өз нәтижесін береді.

Алматы қаласы.